

Мектептегі жасөспірімдердің деструктивті мінез-құлқының алдын-алу бағдарламасы

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) мәліметтері бойынша, Қазақстан әлемдегі суицид деңгейі ең жоғары елдер қатарына кіреді. Суицид салдарынан өлімнің көпшілігі 18-29 жас аралығындағы жастар арасында байқалды, бұл елдегі суицидтің жалпы санының 80%-ын құрайды.

Мектеп-жасөспірімдер өздерінің уақытының көп бөлігін жұмсайтын орын, бұл жеке дағдыларды дамытатын және салауатты өмір салтын қалыптастыратын ерекше жағдай, сонымен қатар мектепте де маңызды мәселелер туындайтын таныс контекст. Бұл тұрғыдан алғанда, мектеп суицидтік мінез-құлық қаупі бар жасөспірімдерді ерте анықтаудың ең жақсы орны.

Мектептегі ақпараттық бағдарламалар жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсау әрекетін болдырмау үшін тиімді болып табылады. Суицидтің алдын алу бағдарламасы Зияткерлік мектептердің 8-12 сынып оқушыларына бағдарланған, жасөспірімдердің психикалық денсаулығын жақсартуға және өзін-өзі бұзатын мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған.

Бағдарламаның кезеңдерін жүзеге асыру дәйектілігі:

- әрбір сыныптағы ата-аналар жиналысы арқылы ата-аналарға/қамқоршыларға хабарлау;
- мектеп қызметкерлерін оқыту;
- суицидтің алдын алу бағдарламасы туралы оқушыларды хабардар ету;
- сауалнама арқылы тәуекел тобындағы оқушыларды анықтау;
- ықтимал қауіп тобына жатқызылған оқушылармен сұхбат жүргізу және қажет болған жағдайда оларды денсаулық сақтау қызметтеріне қайта бағыттау;
- жасөспірімдердің психикалық денсаулығы туралы хабардарлығын арттыру.



Толық ақпарат алу үшін Сіз әрқашан мектептің психологиялық қызметіне жүгіне аласыз